



Ұйымның қаржысы. Ұйымның қаржылық есебі

Орындаған: Амантай Қ.Д

Курс:5

Факультет: ФА12-001-01

Қабылдаған:

Жоспар

- Қаржы дегеніміз не?
- Ұйымның қаржы қызметінің негізгі шарттары
- ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

Қаржы



- (фр. finance, лат. finantia— аяқтау, төлем туралы бұйрық; қолма-қол ақша, табыс) — мемлекеттің, аймақтардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, заңды және жеке тұлғалардың ақшалай қаражатының құралуы, бөлінуі, қайта бөлінуі, пайдаланылуы үдерісін сипаттайтын іргелі, қорытындылаушы экономикалық санат (категория), осы үдеріс барысында туындайтын ақша қатынасы; ақшалай қаражаттың қозғалысына байланысты мемлекет, кәсіпорындар мен ұйымдар, салалар, аймақтар, жекелеген азаматтар арасында пайда болатын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

- Қаржы санаты қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйені көрсетеді, осы жүйе жағдайында және құрамында қаржы жүйесі әрекет етеді. Ақша қатынастары қаржы қатынастарын қалыптастырады, бірақ ақша қатынастарының бәрі бірдей қаржы қатынастары болып табылмайды, тек олардың ақшалай қаражат қорларының жоспарлы түрде құралуымен, бөлінуімен, пайдаланылуымен байланысты бөлігі ғана қаржы қатынастары болып табылады, мысалы, жеке тұтынуға, айырбастауға жұмсалатын ақшалай қаражат (бөлшек сауда тауар айналымы, көлік, коммуналдық, тұрмыстық, ойын-сауық қызметтеріне, сондай-ақ қоғамның жекелеген мүшелері арасындағы сатып алу-сату үдерістеріне жұмсалатын ақша енгізілмейді). Қаржы қоғамдық өндірісті басқарудың экономикалық әдістерімен тығыз байланысты, олардың құрамына кіреді, экономиканы басқарудың барлық жақтарына ықпал етеді. Мемлекет пен кәсіпорындар арасындағы, кәсіпорындардың (фирмалардың) арасындағы қаржы қатынастары маңызды рөл атқарады. Алғашқы жағдайда олар мемлекеттік бюджетке төлемдер, салалық не аумақтық деңгейлердегі ұйымдардың түрлі қорларына аударымдар жүйесін қамтиды, екінші жағдайда өндірістік кәсіпорындардың арасындағы, сондай-ақ материалдық-техникалық жабдықтау, бөлшек сауда, қызмет көрсету саласы ұйымдарының арасындағы өзара байланыстарды қамтиды.

Ұйымның қаржы қызметінің негізгі шарттары

- : бастапқы капитал өндіріске салынады, осы өндіріс барысында өткізілген өнімнің бағасымен тұлғаланатын құн жасалады. Өнім өткізілгеннен кейін ол ақшалай нысанға — өндірілген тауарларды өткізуден ұйымның есептесу шотына түсетін ақшалай түсім нысанына ие болады. Ақшалай түсім — әлі табыс емес, бірақ өнімді өндіруге жұмсалған қаражаттың орнын толтыру және ұйымның ақша қорлары мен сақтық қаржы қорларын жасақтау көзі.

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

- Ұйымның меншікті қаражатын, оның кірісін қалыптастыру, экономикалық қызметті қаржыландырудың қарыз көздерін тарту, осы қызмет барысында құралатын табысты бөлу, оны ұйымды дамыту мақсатына пайдалану. Экономикалық қызметті дамыту оның тиісінше қаржымен қамтамасыз етілуін, яғни бастапқы капиталды талап етеді, бұл капитал ұйым құрылтайшыларының салымынан құралады және жарғылық капитал нысанын қабылдайды. Бұл кез келген ұйым мүлкінің құралуының аса маңызды көзі болып табылады. Жарғылық капиталдың құралуының нақты тәсілдері ұйымдық-құқықтық нысанның таңдалуына байланысты. Ұйымды құру кезінде жарғылық капитал негізгі қорларды сатып алуға айналым қаражатын қалыпты өндірістік-шаруашылық қызметті жүргізу үшін қажетті мөлшерде құралады, лицензиялар, патенттер, ноу-хау сатып алуға салынады, оларды пайдалану табыс құраудың маңызды факторы болып табыла

- Ақшалай түсім түскенге дейін бұл шығын ұйымның ақшалай қаражаты есебінен қаржыландырылады және өндіріске алғы төлем (аванс) ретінде салынады. Тауарларды өткізуден ақша түскеннен кейін айналым қаражаты қалпына келеді, ал ұйымның өнімді өндіруге жұмсаған шығынының орны толтырылады. Шығынның өзіндік құн ретінде оқшаулануы өнімді өткізуден алынған ақшалай түсім мен жұмсалған шығынды салыстыруға мүмкіндік береді. Қаражатты өнім өндіруге салу таза табыс алуды көздейді, егер ақшалай түсім өзіндік құннан асып түсетін болса, онда ұйым оны пайда түрінде алады.



- Қаржы жүйесі мынадай үш бөлікті қамтиды.

- 1) қаржы қатынастарының жиынтығы;

- 2) ақша қорларының жиынтығы;

- 3) басқарудың қаржы аппараттары.

- Ақша қорларының қозғалысына байланысты мемлекет, шаруашылық жүргізуші субъектілер, салалар, аймақтар және жеке азаматтар арасында пайда болатын экономикалық, ақша қатынастарының жиынтығы қаржы қатынастарын құрайды.

- Қаржы қатынастары негізінен мынадай екі сфераны құрайды:

- 1) мемлекеттік бюджетке жинақталатын мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорларын қыптастырып, пайдаланумен байланысты болатын экономикалық ақша қатынастары;

- 2) кәсіпорындардың орталықтандырылмаған ақша қорларының ауыспалы айналымын ортақтастыратын экономикалық ақша қатынастары.

- Бүгінде Қазақстанның қаржы жүйесінің құрамы, жоғарыда атап өтілгендей, қаржы қатынастарының біршама дербес мына сфераларынан тұрады:
 - мемлекеттік бюджет жүйесі;
 - арнаулы бюджеттен тыс қорлар;
 - мемлекеттік кредит;
 - жергілікті қаржы;
 - шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы;
- халықтың қаржысы.

- Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны айтарлықтай күрделі, өйткені ол шаралардың ауқымды кешенін, оны дәйекті жүзеге асыру стадияларын қамтиды, олар:
 - 1) экономикалық заңдардың әрекеті, экономиканың жай-күйі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалары негізінде елдегі қаржының ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу;
 - 2) экономикалық саясаттың тиісті мақсаттары мен міндеттерін негіздей отырып, қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын тұжырымдау;
 - 3) белгіленген іс-әрекеттерді қаржы механизімі (экономикалық қайта құрудың түбегейлігіне қарай оны жаңғырта және түзете отырып) арқылы іс жүзінде жүзеге асыру.
- Осы негізгі үш буынның бірлігі қаржы саясатының мазмұнын анықтайды.

- Коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы деп өндірістік капиталды қалыптастыру, өнім өндіріп, оны өткізу, меншікті қаржы ресурстарын жасау, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту, оларды бөлу және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды айтады.
- Коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысын ұйымдастыру белгілі бір қағидаттарға негізделген, олардың қатарына мыналар жатады:
- Коммерциялық-шаруашылық есеп (қаржылық қызмет саласындағы дербестік, өзін-өзі өтеу, өзін-өзі қаржыландыру, қаржы шаруашылық қызметінің қорытындысына ынталылық, оның нәтижелері үшін жауаптылық, кәсіпорынның қызметіне бақылау жасау);

- Коммерциялық есеп- кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық- қаржы қызметін жүргізудің негізге алынатын қағидаты және басты әдісі. Коммерциялық есеп қағидаты кәсіпорынға оның қызметі үшін, оның жарлық капиталын құрайтын қажетті негізгі және айналым құралдары тұрақты пайдалануға бөліп берілетінін білдіред
- Коммерциялық есептің айқындаушы қағидаттары өзін-өзі өтеушілік пен өзін-өзі қаржыландыру болып табылады.
- Қаражаттардың уақытша жетіспеушілігі кезінде оған деген қажеттілік банктің қысқы мерзімді кредиттер есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін, олар кәсіпорынның қарамағында қалатын пайданың есебінен өтелінеді.

